

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЖАТЫ**

**Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и  
строительства**  
**МЕТОДИЧЕСКИЙ ДОКУМЕНТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**КӨПШӘТЕРЛІ ТҰРҒЫН ҒИМАРАТТАРДА ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ  
ІС-ШАРАЛАРЫН ЖҮРГІЗУ ЖӨНІНДЕГІ  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ПРОВЕДЕНИЮ МЕРОПРИЯТИЙ  
ЭНЕРГОСБЕРЕЖЕНИЯ В МНОГОКВАРТИРНЫХ ЖИЛЫХ ЗДАНИЯХ**

Ресми басылым  
Издание официальное

**Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің  
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті**

**Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства  
Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан**

Астана 2025

## АЛҒЫ СӨЗ

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН:** «САПА СТРОЙ АСПЕКТ» ЖШС
- 2. ҰСЫНҒАН:** Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3. БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2025 жылғы «29» жалтоқсанның №175-НҚ бұйрығымен
- 4. ОРНЫНА** Қайта өңделген

## ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1. РАЗРАБОТАН:** ТОО «САПА СТРОЙ АСПЕКТ»
- 2. ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
- 3. УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан от «29» декабря 2025 года № 175-НҚ
- 4. ВЗАМЕН** Переработанное

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе	
1 Қолданылу саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Негізгі терминдер мен анықтамалар	3
4 Жалпы ережелер	4
5 Тұрғын үйлерді жылытуға және желдетуге жұмсалатын жылу энергиясының шығысына қойылатын талаптар	11
6 Қолданыстағы ғимараттардың энергетикалық тиімділігін арттыру	13
7 Энергия үнемдеуді бақылау	16
8 Жылу шығынын азайту жөніндегі іс-шаралар	18
9 Энергия ресурстарын тұтыну кезінде үнемдеу жөніндегі іс-шаралар	20
А қосымшасы <i>(ақпараттық)</i>	23
Б қосымшасы <i>(ақпараттық)</i>	27
В қосымшасы <i>(ақпараттық)</i>	28
Г қосымшасы <i>(ақпараттық)</i>	29
Д қосымшасы <i>(ақпараттық)</i>	31
Е қосымшасы <i>(ақпараттық)</i>	35
Библиография	57

## КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасында көппәтерлі тұрғын ғимараттарда энергия үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру отын-энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалану, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту және халықтың өмір сүру сапасын арттыру саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Көппәтерлі тұрғын ғимараттар жылу және электр энергиясын тұтынудың елеулі үлесін құрайды, ал қолданыстағы тұрғын үй қорының айтарлықтай бөлігі қоршау конструкциялары мен инженерлік жүйелердің тозуымен, сондай-ақ жылу шығындарының жоғары деңгейімен сипатталады.

Коммуналдық қызметтер тарифтерінің өсуі және пайдалану шығындарын төмендету қажеттілігі жағдайында көппәтерлі тұрғын ғимараттарда энергия үнемдеу бойынша жүйелі және әдістемелік тұрғыдан негізделген іс-шараларды іске асыру ерекше өзектілікке ие. Мұндай іс-шаралар Қазақстан Республикасының климаттық аймақтарының ерекшеліктерін, ғимараттардың конструктивтік және жоспарлау шешімдерін, инженерлік жүйелердің нақты жай-күйін, сондай-ақ қолданыстағы заңнама мен нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарын ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс.

Осы Әдістемелік ұсынымдар көппәтерлі тұрғын ғимараттарда энергия үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру жөніндегі іс-шараларды жоспарлау, іске асыру және бақылау бойынша бірыңғай тәсілді қалыптастыру мақсатында әзірленді. Құжат энергия ресурстарын тұтынуды азайтуға, жылу шығындарын төмендетуге және ғимараттарды пайдалану сенімділігін арттыруға бағытталған ұйымдастырушылық, техникалық және пайдалану сипатындағы шаралар кешенін қолдануға бағдарланған, бұл ретте тұрғындардың өмір сүруіне арналған микроклиматтың нормативтік параметрлері мен жайлылық деңгейі сақталады.

Әдістемелік ұсынымдар жобалау және құрылыс-монтаж ұйымдарына, кондоминиум объектілерін басқару субъектілеріне, сервистік компанияларға, сондай-ақ үй-жайлардың меншік иелеріне және мемлекеттік органдардың мамандарына арналған. Құжаттың ережелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен нормативтік-техникалық құжаттарының талаптарына сәйкес көппәтерлі тұрғын ғимараттарды жобалау, қайта жаңғырту, күрделі жөндеу және жаңғырту кезінде қолданылуы мүмкін.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЖАТЫ  
МЕТОДИЧЕСКИЙ ДОКУМЕНТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

---

**КӨППӘТЕРЛІ ТҰРҒЫН ҒИМАРАТТАРДА ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ  
ІС-ШАРАЛАРЫН ЖҮРГІЗУ ЖӨНІНДЕГІ  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ПРОВЕДЕНИЮ МЕРОПРИЯТИЙ  
ЭНЕРГОСБЕРЕЖЕНИЯ В МНОГОКВАРТИРНЫХ ЖИЛЫХ ЗДАНИЯХ**

---

Енгізілген күні – 2025-12-29

**1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ**

1.1 Осы Көппәтерлі тұрғын үйлерде энергия үнемдеу іс-шараларын жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – Ұсынымдар) энергия тиімділігін арттыруға және энергетикалық ресурстарды тұтынуды азайтуға бағытталған ұйымдастырушылық, техникалық және пайдалану шараларының кешенін қолдануға арналған және ұсынымдық сипатта болады.

1.2 Ұсынымдар энергия үнемдейтін жабдықтар мен материалдарды қолдануды қоса алғанда, энергия үнемдеуді ынталандыру және энергетикалық тиімділікті арттыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырудың бірыңғай тәсілін қамтамасыз ету мақсатында әзірленді. Осы Ұсынымдар жаңа көппәтерлі тұрғын үйлерді салуға немесе қолданыстағы көппәтерлі тұрғын үйлерді кеңейтуге (күрделі жөндеуге, реконструкциялауға) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу кезінде ескеріледі.

1.3 Ұсынымдар жобалау және құрылыс-монтаждау ұйымдарына, сондай-ақ кондоминиум объектілерін басқару нысандарына, басқару субъектілеріне, көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару субъектілеріне, сервистік компанияларға және көппәтерлі тұрғын үйлердің басқа да қызмет көрсету ұйымдарына, пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, тұрақ орындарының, қоймалардың иелеріне, сондай-ақ энергия үнемдеу жөніндегі іс-шараларды дайындауға және іске асыруға қатысатын мемлекеттік органдар мен қызметтердің мамандарына арналған.

**2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Осы ұсынымдарды қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

«Жылу энергетикасы туралы» 2025 жылғы 8 шілдедегі № 120-VIII Қазақстан Республикасының Заңы.

«Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» 2012 жылғы 13 қаңтардағы № 541-IV Қазақстан Республикасының Заңы.

«Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы.

«Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 358 бұйрығы.

«Электр қондырғыларын орнату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 230 бұйрығы.

«Үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың энергия тиімділігі сыныптарын айқындау және қайта қарау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 399 бұйрығы.

---

*Ресми басылым*

ҚР СТ ISO 9972-2012 Ғимараттардың жылу оқшаулау қасиеттері. Ғимараттардың ауа өткізгіштігін анықтау. Желдеткішпен ауаны айдау әдісі.

ҚР СТ ISO 52000-1:2019 Ғимараттардың энергетикалық сипаттамасы. Есептеудің жалпы қағидаттары мен негіздері.

ҚР СТ ISO 52016-1:2023 Ғимараттардың энергетикалық сипаттамасы. Жылыту және салқындату үшін энергия тұтынуды есептеу. Динамикалық есептеу әдістері.

ҚР СТ ISO 52003-1:2023. Ғимараттардың энергетикалық сипаттамасы. Ғимараттар мен ғимараттар бірліктерінің энергия тиімділігінің индикаторлары. 1-бөлім. Түсіндіру және негіздеу.

ГОСТ 26602.1-2023 Терезе блоктары мен есік блоктары. Жылу беру кедергісін анықтау әдістері.

ГОСТ 23166-2024 Терезе блоктары мен балкон блоктары. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 26254-84 Ғимараттар мен құрылыстар. Қоршау конструкцияларының жылу беру кедергісін анықтау әдістері.

ГОСТ 26602.2-99 Терезе блоктары мен есік блоктары. Ауа өткізгіштігі мен су өткізгіштігін анықтау әдістері.

ГОСТ 30494-2011 Тұрғын және қоғамдық ғимараттар. Үй-жайлардағы микроклимат параметрлері.

ГОСТ 30674-2023 Поливинилхлорид профильдерден жасалған терезе блоктары мен балкон блоктары. Техникалық шарттар.

ГОСТ 30734-2020 Мансардтық терезе блоктары. Техникалық шарттар

ГОСТ 30971-2012 Терезе блоктарының қабырға саңылауларына жанасатын монтаждық тораптардың жіктері. Жалпы техникалық шарттар

ГОСТ 31166-2003 Ғимараттар мен құрылыстардың қоршауыш конструкциялары. Жылу беру коэффициентін калориметриялық анықтау әдісі

ГОСТ 31167-2009 Ғимараттар мен құрылыстар. Табиғи жағдайда қоршауыш конструкциялард ауа өткізгіштігін анықтау әдістері

ГОСТ 31168-2014 Тұрғын үйлер. Жылу энергиясын жылытуға меншікті тұтынуды анықтау әдісі.

ҚР ҚН 2.04-07-2022 Ғимараттарды жылулық қорғау.

ҚР ҚН 4.02-05-2013 Қазандық қондырғылары.

ҚР ҚН 5.03-07-2013 Салмақ көтеретін және қоршауыш конструкциялар.

ҚР ЕЖ 2.02-101-2022 Ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігі.

ҚР ЕЖ 2.04-107-2022 Ғимараттарды жылулық қорғау.

ҚР ЕЖ 3.02-145-2023 «Ақылды үй» үй автоматтандыруы бар ғимараттарға қойылатын жалпы талаптар.

ҚР ЕЖ 4.04-106-2013 Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың электр жабдықтары. Жобалау ережелері.

ҚР ЕЖ 4.02-106-2013 Автономды жылумен жабдықтау көздері.

ҚР ЕЖ 4.02-108-2014 Жылу пункттерін жобалау.

Ескертпе - Осы мемлекеттік нормативтерді пайдалану кезінде жыл сайын ағымдағы жылғы жағдай бойынша құрылатын және ай сайын шығарылатын тиісті ақпараттық бюллетеньдерге - ағымдағы жылы жарияланған журналдарға және стандарттардың ақпараттық көрсеткіштеріне сәйкес келетін «Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік техникалық құжаттардың тізбесі», «ҚР ұлттық стандарттар және ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің каталогы» және «Мемлекетаралық стандарттар каталогы» ақпараттық каталогтары бойынша сілтемелік құжаттардың қолданысын тексеру орынды. Егер сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормативті пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алу керек, егер сілтемелік құжат ауыстырусыз жойылған болса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

### 3 НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы ұсынымдарда [6]-ға сәйкес мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

**3.1 Жалпы энергетикалық сипаттама:** Жылыту мезгіліндегі жалпы жылу шығынын ескере отырып, ғимаратты, құрылысты, құрылысжайды жылытуға және желдетуге жылу энергиясының нақты шығыны.

**3.2 Жылыту кезеңіндегі ғимаратты, құрылысты, құрылысжайды жылытуға және желдетуге арналған жылу энергиясының меншікті шығыны:** Үй-жайлардың ішіндегі жылу және ауа режимдерінің нормаланған параметрлері кезінде ауа алмасуды және қосымша жылу бөлуді ескере отырып, ғимараттың, құрылыстың, құрылысжайдың жылу шығынын өтеу үшін қажет болатын, аудан бірлігіне немесе жылытылатын көлем бірлігіне жатқызылған жылыту кезеңіндегі жылу энергиясының мөлшері.

**3.3 Ғимараттың, құрылыстың, құрылысжайдың меншікті жылу қорғау сипаттамасы:** Ғимараттың, құрылыстың, құрылысжайдың жылу қорғау қабығын сипаттайтын, ғимараттың, құрылыстың, құрылысжайдың жылу қорғау қабықшасы арқылы 1°C температура ауысымы кезінде уақыт бірлігінде жылытылатын көлем бірлігінің жылу энергиясының шығынына сандық тең физикалық шама.

**3.4 Ғимараттың, құрылыстың, құрылысжайдың энергетикалық паспорты:** Қолданыстағы ғимараттардың, құрылыстардың, құрылысжайлардың да, сондай-ақ ғимараттардың, құрылыстардың, құрылысжайлардың және олардың қоршауыш конструкцияларының жобаларының да энергетикалық, жылу-техникалық және геометриялық сипаттамаларын қамтитын құжат.

**3.5 Ғимараттың, құрылыстың, құрылысжайдың энергия тиімділігі сыныбы:** Пайдалану сатысында оның энергия тиімділігін сипаттайтын ғимараттың, құрылыстың, құрылысжайдың энергия тұтынуының үнемділік деңгейі.

**3.6 Электр энергиясын тұтыну құрылғысының энергия тиімділігі сыныбы:** Пайдалану сатысында энергия тиімділігін сипаттайтын электр энергиясын тұтыну құрылғысының энергия тұтынуды үнемдеу деңгейі.

**3.7 Энергетикалық тиімділік (энергия тиімділігі):** Ұсынылған көрсетілетін қызметтердің, жұмыстардың, шығарылған өнімдердің (тауарлардың) немесе өндірілген энергетикалық ресурстардың көлемінің осыған жұмсалған бастапқы энергетикалық ресурстарға сандық қатынасы.

**3.8 Энергия тиімді көппәтерлі тұрғын үй:** Энергия тиімділігі сыныптарының біріне сәйкес келетін, энергия, ресурс үнемдейтін және энергия тиімді технологиялар мен материалдарды пайдалана отырып салынған көппәтерлі тұрғын үй.

**3.9 Энергияны үнемдейтін технологиялар, жабдықтар мен материалдар:** Қол жеткізілген деңгеймен салыстырғанда отын-энергетикалық ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін технологиялар, жабдықтар мен материалдар.

**3.10 Энергия үнемдеу:** Пайдаланылатын энергетикалық ресурстардың көлемін азайтуға бағытталған ұйымдастырушылық, техникалық, технологиялық, экономикалық және өзге де шараларды іске асыру.

**3.11 Энергетикалық ресурстар:** Сақталған энергиясы қазіргі уақытта пайдаланылатын немесе болашақта шаруашылық және өзге де қызмет түрлерінде пайдаланылуы мүмкін табиғи және өндірілген энергия тасымалдаушылардың жиынтығы, сондай-ақ энергия түрлері (атом, электр, химиялық, электр-магниттік, жылу және энергияның басқа түрлері).

**3.12 Термиялық модернизация:** Ішіндегі жылу энергиясының жоғалуын азайтуға әкелетін, ғимараттың, құрылыстың және құрылысжайдың жылу-техникалық сипаттамаларын жақсарту жөніндегі іс-шара.

**3.13 Басқарушы компания (көппәтерлі тұрғын үйді басқарушы):** Жасалған кондоминиум объектісін басқару шарты немесе көппәтерлі тұрғын үйдің пәтерлерінің,

тұрғын емес үй-жайларының меншік иелері жиналысының хаттамасы негізінде кондоминиум объектісін басқару бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсынатын кәсіпкерлік субъектісі.

**3.14 Тұрғын емес үй-жай:** Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін қоспағанда, көпшәтерлі тұрғын үйдегі құрылыс, санитариялық, экологиялық, өртке қарсы және басқа да міндетті нормалар мен қағидаларға сәйкес келетін, жоба сатысында көзделген, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, шекаралары қабырғалардың, еденнің және төбенің (қабатаралық жабындылардың) ішкі беттері болып табылатын, тұрақты тұрудан өзге мақсаттарда (кеңсе, дүкен, кафе, қонақүй, хостел және халыққа қызмет көрсету саласының басқа да объектілері) пайдаланылатын және дара (бөлек) меншіктегі жеке ішкі кеңістік.

**3.15 Көпшәтерлі тұрғын үй:** Ортақ үлестік меншік болып табылатын кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінен және көпшәтерлі тұрғын үйге іргелес жатқан жер учаскесіне не кондоминиум объектісі ортақ мүлкінің өзге де бөліктеріне дербес шығатын жерлері бар екі және одан көп пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан тұратын, біртұтас бөлінбейтін жер учаскесінде біртұтас іргетасы бар жеке тұрған ғимарат

**3.9 Көпшәтерлі тұрғын үйдің мүлік иелерінің бірлестігі (МИБ):** Коммерциялық емес ұйым болып табылатын, бір көпшәтерлі тұрғын үйдің пәтерлерінің, тұрғын емес үй-жайларының меншік иелері құрған, кондоминиум объектісін басқаруды жүзеге асыратын, оны күтіп ұстауды қаржыландыратын және оның сақталуын қамтамасыз ететін заңды тұлға.

**3.17 Көпшәтерлі тұрғын үй пәтерлері, тұрғын емес үй-жайлары, орынтұрақ орындары, қоймалары меншік иелерінің жиналысы:** Кондоминиум объектісін басқаруға байланысты шешімдерді ұжымдық талқылауды және (немесе) қабылдауды қамтамасыз ететін кондоминиум объектісін басқарудың жоғары органы

**3.18 қойма:** Көпшәтерлі тұрғын үйдің жобалау-сметалық құжаттамасында көзделген, тұрғын емес үй-жай болып табылмайтын, өрт қауіпсіздігінің нормалары мен өзге де талаптарды сақтай отырып мүлікті сақтауға арналған, пәтерден тыс орналасқан, жиынтығында үйге ортақ инженерлік жүйелер, сондай-ақ жеке кіретін жері жоқ және дара (бөлек) меншіктегі орын.

**3.19 Орынтұрақ орны:** Паркингте (болған кезде гаражда) автокөлік құралын қоюға арналған, тұрғын емес үй-жай болып табылмайтын және дара (бөлек) меншіктегі орын.

**3.20 Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкі:** Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкі – дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан, орынтұрақ орындарынан, қоймалардан басқа, кондоминиум объектісінің бөліктері (қасбеттер, кіреберістер, вестибюльдер, холдар, дәліздер, баспалдақ марштары мен баспалдақ алаңдары, лифтілер, шатырлар, кіреберіс жерлердегі қорғауыштар (қалқалар), шатырастылар, техникалық қабаттар, жертөлелер, үйге ортақ инженерлік жүйелер мен жабдықтар, абоненттік пошта жәшіктері, көпшәтерлі тұрғын үй тұрған жер учаскесі және (немесе) үй жанындағы жер учаскесі, абаттандыру элементтері және ортақ пайдаланылатын басқа да мүлік).

**3.21 Кондоминиум объектісі:** Дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан, орынтұрақ орындарынан, қоймалардан және дара (бөлек) меншікте болмайтын және пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, орынтұрақ орындарының, қоймалардың меншік иелеріне көпшәтерлі тұрғын үй тұрған біртұтас бөлінбейтін жер учаскесін және (немесе) үй жанындағы жер учаскесін қоса алғанда, ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі ортақ мүліктен тұратын біртұтас мүліктік кешен.

## 4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері Кондоминиум объектісін басқаруға арналған шығыстардың жылдық сметасын есептеу әдістемесін, сондай-ақ кондоминиум объектісін басқаруға арналған жарналардың ең төмен мөлшерін есептеу

әдістемесіне [13] сәйкес жиналыс шешімімен белгіленген міндетті жарналар жолымен кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ұстауға арналған шығыстарға қатысады.

Пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, орынтұрақ орындарының, қоймалардың меншік иелері энергия үнемдеу жөніндегі талаптардың сақталуын, оның ішінде ортақ мүліктің нормативтік жылу шығынынан асып кетуіне жол бермеуді қамтамасыз етеді.

4.2 Энергия үнемдеу жөніндегі іс-шараларды пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, орынтұрақ орындарының, қоймалардың меншік иелері ортақ мүлікті күрделі жөндеу, реконструкциялау немесе жаңғырту шеңберінде Тұрғын және тұрғын емес үй-жайларда энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі тәртіп пен талаптарға [8] және Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу тәртібіне [10] сәйкес жүргізеді.

Көппәтерлі үйдің ортақ мүлкін күтіп-ұстау және ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстар шеңберінде жүргізілетін энергия үнемдеу жөніндегі іс-шараларды Ғимараттарда сканерлеу, энергомониторингілеу және энергия аудитін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты [9], Энергия аудитін жүргізу қағидаларын [3] және жылу энергетикасы туралы заңнаманың нормаларын ескере отырып жүргізу ұсынылады.

4.3 Көппәтерлі үйде энергия үнемдеуді арттыру жөніндегі біржолғы (бірреттік) жұмыстарға Коммуналдық көрсетілетін қызметтердің үлгілік қағидаларын [12], тұрғын үй қатынастары, энергия үнемдеу және энергия тиімділігі, жылу энергетикасы туралы заңнама нормаларын, сондай-ақ Үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаларына қойылатын энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі талаптарды [5] ескере отырып, тұтынудың жеке есепке алу аспаптарын (ЖЕА) және ортақ есепке алу аспаптарын (ОЕА) орнату және пайдалануға беру жөніндегі жұмыстар жатады.

4.4 Ортақ мүлікке қатысты энергия үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру жөніндегі іс-шараларды жүргізуге арналған шығыстарды азайту мақсатында пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, орынтұрақ орындарының, қоймалардың меншік иелері кондоминиум объектісін басқару нысанымен және/немесе кондоминиум объектісін басқару субъектісімен бірлесіп Тұрғын және тұрғын емес үй-жайларда энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі тәртіп пен талаптарды [8] және Ғимараттарда сканерлеу, энергомониторингілеу және энергия аудитін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты [9] ескере отырып, көппәтерлі үйде пайдаланылатын энергетикалық ресурстардың көлемін азайтуға бағытталған іс-қимылдарды жүзеге асырады.

Кондоминиум объектісін басқару субъектісі энергия үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру жөніндегі ұсыныстарды оларды өткізуге арналған шығыстарды, пайдаланылатын энергетикалық ресурстардың күтілетін төмендеу көлемін және ұсынылатын іс-шаралардың өтелу мерзімдерін көрсете отырып, әзірлейді және пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, орынтұрақ орындарының, қоймалардың меншік иелерінің назарына жеткізеді.

Кондоминиум объектісін басқару нысаны энергия үнемдеу және энергия тиімділігі, жылу энергетикасы туралы заңнаманың нормаларын ескере отырып, энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті орган бекіткен энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді.

4.5 Көппәтерлі тұрғын үйдегі пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, орынтұрақ орындарының, қоймалардың меншік иелерінің энергия үнемдеу жөніндегі іс-шараларды іске асыруы энергия үнемдеу бағдарламалары шеңберінде ұсынылатын не энергия үнемдеу және энергия тиімділігі, жылу энергетикасы туралы заңнаманың нормаларына сәйкес реттелетін тарифтерді белгілеу кезінде есепке алу үшін көзделген ресурстармен жабдықтаушы ұйымның қаражаты есебінен жүзеге асырылуы мүмкін.

Сондай-ақ қаржыландыру меншік иелері жиналысының шешімі негізінде тартылатын және біржолғы немесе пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, тұрақ

орындарының, қоймалардың меншік иелерінің бөліп төленетін қаражаты есебінен, сондай-ақ Энергия-сервистік шарт [2] шеңберінде энергетикалық ресурстарды тұтынуды азайтудан үнемдеу есебінен қайтарылуға жататын қаражат есебінен жүзеге асырылуы мүмкін.

Энергия-сервистік шарт бойынша шығындарды қайтару энергия үнемдеу және энергия тиімділігі, жылу энергетикасы туралы заңнамаға сәйкес энергия үнемдеуді қолдаудың мемлекеттік шарасы ретінде энергетикалық ресурстарды үнемдеу есебінен жүзеге асырылады.

4.6 Көппәтерлі тұрғын үйде энергия үнемдеу жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және өткізу тұрғын үй заңнамасының нормаларына сәйкес ұсынылатын әрбір іс-шара бойынша жиналыс шешімімен пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, орынтұрақ орындарының, қоймалардың меншік иелерімен келісім бойынша жүзеге асырылады.

4.7 Энергия-сервистік қызмет шеңберіндегі іс-шараларды қоса алғанда, көппәтерлі тұрғын үйдің энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, орынтұрақ орындарының, қоймалардың меншік иелерінің жиналысында оң шешім қабылдау талап етіледі.

Мұндай шешім көппәтерлі тұрғын үйге энергетикалық тексеру жүргізу, энергетикалық тексеру нәтижелері бойынша энергия-сервистік (энергия үнемдейтін) іс-шараларды бекіту, оларды қаржыландыру көлемін, көздері мен тәсілдерін айқындау, сондай-ақ жұмыстардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға және олардың нәтижелерін қабылдауға меншік иелері уәкілеттік берген адамдарды таңдау мәселелерін қамтуға тиіс.

4.8 ЖЕА және ОЕА-мен жарактандырылмаған пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, орынтұрақ орындарының, қоймалардың меншік иелері мұндай аспаптарды төлем құжатындағы жеке жолмен тең үлестермен төлеу жолымен 1 – 5 жыл ішінде оның шығыстарын өтеу арқылы тиісті қызмет көрсететін ұйымның есебінен орнатуды келісе алады.

4.9 Энергия тиімді көппәтерлі тұрғын үйлерді жобалау энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалануды ескере отырып, адамның негізгі және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағдарланған жайлы, тұрақты және қауіпсіз тіршілік ету ортасын қалыптастыру қағидаттарын ескере отырып жүзеге асырылады.

Көппәтерлі тұрғын үйлерді жылумен жабдықтау жүйелерін жаңғырту және реконструкциялау кезінде жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мүмкіндігін жылу энергетикасы туралы заңнама нормаларына сәйкес техникалық және экономикалық орындылығы болған кезде басым бағыт ретінде қарастыру ұсынылады.

4.10 КТҮ-ге арналған жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу кезінде жобалауға арналған тапсырмада Үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың энергия тиімділігі сыныптарын айқындау және қайта қарау қағидаларына сәйкес [4] энергия тиімділігінің талап етілетін сыныбы, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі талаптар көрсетіледі.

4.11 Құрылыс жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасына жататын КТҮ жобалары үшін Үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаларына қойылатын энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі талаптарға [5] сәйкес энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі тиісті тарау қамтылуға тиіс.

4.12 КТҮ арналған жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманың энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі бөлімінде мыналар болады:

- 1) жалпы жобалық энергетикалық сипаттама;
- 2) энергетикалық паспорт;
- 3) энергия тиімділігі сыныбы;
- 4) энергия үнемдеуге және энергия тиімділігін арттыруға бағытталған жобалық шешімдер туралы мәліметтер, оның ішінде:

- Қазақстан Республикасының тиісті нормативтік-техникалық құжаттарында көзделген көрсеткіштерден ерекшеленетін құрылыс материалдарының қабылданған есептік жылу-физикалық көрсеткіштерін растайтын жылу-техникалық сынақтар хаттамаларын және жарық-мөлдір конструкциялар үшін сәйкестік сертификатын қоса бере отырып, келтірілген жылу беру кедергісі есептелген (жарық-мөлдір конструкцияларды қоспағанда) қоршауыш конструкциялардың техникалық шешімдерінің сипаттамасы;

- есепке алынған ішкі ауа температураларын көрсете отырып, төменгі қабаттың астындағы және жоғарғы қабаттың үстіндегі кеңістіктің қабылданған түрлері, тұрғын үй үшін пайдаланылатын мансард қабаттарының, кіреберіс есіктердің тамбурларының және вестибюльдердің жылыту жүйелерінің, лоджияларға салынған әйнектердің болуы;

- қабылданған жылыту, желдету және ауаны баптау жүйелері, энергияны тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін есепке алу және реттеу аспаптарының болуы туралы мәліметтер;

- ғимараттың, оның ішінде күн энергиясын пассивті пайдалану жөніндегі құрылғылардың, сорылатын ауаның жылуын кәдеге жарату жүйелерінің, суық жертөлелерде өтетін жылыту және ыстық сумен жабдықтау құбырларының жылу оқшаулағышының энергия тиімділігін арттырудың арнайы тәсілдері, жылу сорғыларын қолдану;

5) жобалау шешімдерінің құрылыс нормаларының талаптарына және олардың техникалық-экономикалық көрсеткіштеріне энергия тұтыну бөлігінде сәйкестігін салыстыру.

4.13 КТҮ энергетикалық паспорты жылу энергиясының тиімділігінің үлестік көрсеткішінің, қоршау конструкцияларының үлестік және жылу қорғау сипаттамаларының құрылыс нормаларында белгіленген көрсеткіштерге сәйкестігін растауға арналған және Үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаларына қойылатын энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі талаптарға [5] сәйкес нысан бойынша толтырылады.

4.14 Энергия тиімді КТҮ жобалау негізгі жобалау іс-шараларының құрылымына біріктірілген сәулет және инженерлік шешімдер кешеніне негізделеді.

Архитектуралық шешімдерге ғимараттарды қалалық ортада оңтайлы орналастыруға, жарық жақтарға ұтымды бағдарлауды қамтамасыз етуге, табиғи жарық пен желдетуді пайдалануға бағытталған сәулет-қала құрылысы және сәулет-жоспарлау тәсілдері кіреді.

4.15 Тұрғын үйлердің сәулеттік-жоспарлау шешімдері Үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың энергия тиімділігі сыныптарын айқындау және қайта қарау қағидаларына [4] және жылу энергетикасы туралы заңнама нормаларына сәйкес энергия үнемдеуге қойылатын талаптарды ескере отырып жобаланады.

Жоспарлау шешімдерін таңдау отын-энергетикалық ресурстардың минималды шығындарымен теріс температурада салмақ көтеретін және қоршау конструкцияларын салу және құрастыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

Ғимараттарды жобалау, салу, қайта конструкциялау және күрделі жөндеу кезінде өңірдің климаттық жағдайларын ескере отырып, нормативтік жылу қорғауды және энергия тиімділігін қамтамасыз ететін сәулеттік және инженерлік шешімдер қарастырылуы керек.

Ең суық айдың орташа температурасы 15 °С-тан төмен болатын климаттық аудандарда орналасқан ғимараттарға сыртқы кіреберістерде тамбурлар міндетті түрде көзделеді. Тамбурдың тереңдігі 1,5 м кем болмауға, ал адамдардың қарқынды қозғалысы кезінде 2,0 м кем болмауға тиіс, бұл жылу шығынын азайтуды және үй-жайларды суық ауаның енуінен қорғауды қамтамасыз етеді. Ең қатал климаттық жағдайларда ауаның нормативтік температурасын ұстап тұру және жылуды біркелкі бөлу үшін жылу перделерін немесе калориферлерді орната отырып, қос есіктерді немесе үш сатылы кіреберістерді (кіреберіс есік – аралық тамбур – ішкі есік) орнатуға рұқсат етіледі.

4.16 Инженерлік шешімдерге заманауи жылу окшаулағыш материалдарды [15], жылу беру коэффициенті төмен терезелерді, рекуперация және автоматты реттеу функциялары бар жылыту, желдету және кондиционерлеу жүйелерін қолдану және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану технологияларын енгізу арқылы ресурстарды тұтынуды азайтуды қамтамасыз ететін энергия үнемдейтін конструктивті және инженерлік іс-шаралар кіреді.

Бұдан басқа суды, табиғи газды, электр және жылу энергиясын жалпы үйлік және жеке есепке алу аспаптарын орнату және пайдалануға беру жөніндегі жұмыстар да орындалады. Осы шешімдерді кешенді қолдану ғимараттардың энергетикалық тиімділігін едәуір арттыруға және пайдалану шығындарын азайтуға мүмкіндік береді.

4.17 Жылыту жүйелері оларды қыс мезгілінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде пайдалану мүмкіндігімен және құрылыс алаңында дәнекерлеу жұмыстарының көлемін қысқартумен жобаланады, бұл энергияны үнемдеуге айтарлықтай ықпал етеді.

4.18 Энергетикалық тиімділік тұрғысынан 1-кестеге сәйкес ғимараттағы энергияны үнемдеу әдістері белсенді және пассивті болып бөлінеді.

**1-кесте – Энергияны үнемдеу тәсілдері**

<b>Белсенді</b>	<b>Пассивті</b>
Күн коллекторы	Үйді оңтүстікке бағдарлау
Фотоэлементтер негізіндегі күн батареясы	Ғимараттың жалпы сәулеттік-жоспарлау тұжырымдамасы
Жылу сорғысы	Ашық түсті шатыр
Рекуператор	Әйнектеу ауданы
Жылуалмастырғыш	Желдетілетін терезелер
Жылы еден	Аражабын плиталарындағы рециркуляциялық ауа құбыры
Энергияны үнемдейтін жарықтандыру	Шағылысқан жарықтандыру
Жарықтандыру құрылғыларының фотоэлементтері	Жылу сыйымды коршауыш конструкциялар
Ғимараттың инженерлік жабдықтарын басқарудың автоматтандырылған жүйесі	Энергия ресурстарын есепке алу торабы

Белсенді тәсілдер – бұл тұрақты және өзгермелі шығындар қажет болған жағдайда энергияны үнемдеуді қамтамасыз ететін тәсілдер. Пассивті тәсілдер – бұл айнаымалы шығындарсыз энергияны үнемдеуді қамтамасыз ететін тәсілдер.

4.19 Ғимараттардың энергия тиімділігі көрсеткіштерінің жүйесі жайлылықтың нормативтік деңгейін бір мезгілде сақтай отырып, энергия ресурстарын үнемдеуді қамтамасыз ету мақсатында әзірленеді.

Аталған мақсат мынадай міндеттерді шешу арқылы іске асырылады:

1) Теңдестірілген көрсеткіштер жүйесін қалыптастыру. Тек сенімді есепке алуға, жүйелі мониторингілеуге қабілетті және талдау үшін статистиканы жинақтауға мүмкіндік беретін параметрлерді қамтуға тиіс;

2) Деректерді мониторингілеу және өңдеу. Ғимараттардың энергия тиімділігі көрсеткіштерінің жүйесін әзірлеу шеңберінде жиналған ақпаратты статистикалық өңдеуді, соның ішінде факторлық талдауды жүргізу қажет, кейіннен көрсеткіштер мәндерінің жол берілетін диапазондарын анықтайтын энергия тиімділігінің нормативтік аралықтарын қалыптастыру қажет;

3) Энергия тиімділігінің нормативтік аралықтары климаттық және геофизикалық факторларды ескере отырып, өңірлер бойынша ғимараттардың климаттық және типологиялық сипаттамаларын ескере отырып, саралап белгіленуге тиіс;

4) Энергия тиімділігін бағалау құрылыс материалдарын өндіруге арналған ресурстардың шығындарын, құрылыс, пайдалану, жөндеу шаралары, бөлшектеу кезеңдерін және қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін құрылыс материалдарын қайта пайдалануды немесе қайта өңдеуді қоса алғанда, ғимараттың бүкіл өмірлік циклін ескеруге тиіс.

4.20 Ортақ мүлікке қатысты энергия үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру жөніндегі іс-шараларды іске асыруға жұмсалатын шығыстарды азайту мақсатында пәтерлердің (үй-жайлардың) меншік иелері кондоминиум объектісінің басқару нысанымен бірлесіп көппәтерлі тұрғын үйдің ортақ мүлкі шегінде энергетикалық ресурстарды тұтыну көлемін қысқартуға бағытталған шараларды қабылдайды.

Кондоминиум объектісін басқару субъектісі пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, орынтұрақ орындарының, қоймалардың меншік иелерімен келісім бойынша энергия үнемдеу жөніндегі іс-шаралар жоспарын және болжамды шығындарды, ресурстарды болжамды үнемдеу көлемін және тиісті іс-шаралардың өтелу мерзімдерін көрсете отырып, оны іске асыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді.

4.21 Пәтерлерді, тұрғын емес үй-жайларды, орынтұрақ орындарын, қоймаларды энергия үнемдеу жөніндегі іс-шараларды іске асыру мыналарды тарту арқылы орындалуы мүмкін:

- тауарларына, көрсетілетін қызметтеріне реттелетін бағаларды (тарифтерді) белгілеу кезінде ескерілген (не ескерілетін) белгілі бір іс-шараны өткізуге мүдделі ресурспен жабдықтаушы ұйымның қаражатын;

осындай меншік иелері бір мезгілде не осындай жекелеген іс-шараларды өткізудің болжамды құнын көрсете отырып, көппәтерлі үйді басқаратын ұйымның төлемді бөліп-бөліп төлеуі арқылы көппәтерлі үйдегі пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, орынтұрақ орындарының, қоймалардың иелерінің қаражатын;

- ұсынылған іс-шаралар бойынша көппәтерлі үйдегі үй-жайлардың иелері салған қаражаттың өтелуі мен қайтарымы есебінен.

4.22 Энергосервистік тетіктерді қолдануды көздейтін эксперименттік және пилоттық жобаларға қатысуды қоса алғанда, көппәтерлі тұрғын үйде энергия үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру жөніндегі іс-шараларды өткізу жөніндегі шешімдер тұрғын үй заңнамасының нормаларына сәйкес мынадай негізгі мәселелер бойынша көпшілік дауыспен пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар, орынтұрақ орындары, көппәтерлі тұрғын үй қоймалары меншік иелерінің жиналысында қабылданады:

- 1) энергия үнемдеу әлеуетін бағалау мақсатында көппәтерлі тұрғын үйге энергетикалық тексеру жүргізу;

- 2) жеткізілетін энергетикалық ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталған зерттеу нәтижелері бойынша ұсынылатын энергия-сервистік іс-шараларды іске асыру;

- 3) меншік иелері, бюджет немесе өзге де мүдделі тараптар тарапынан ықтимал қоса қаржыландыруды қоса алғанда, энергия үнемдеу іс-шараларының көлемін, көздерін және қаржыландыру тәсілдерін айқындау туралы;

- 4) жұмыстардың орындалуын бақылауға, мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауға және орындалған іс-шараларды қабылдауға жауапты уәкілетті адамдарды тағайындау туралы.

4.23 Энергия үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру саясатын іске асыру аясында жергілікті атқарушы органдарға стратегиялық және қала құрылысы құжаттарында жылу шығынын азайтуға және қолданыстағы инженерлік инфрақұрылымды ұтымды пайдалануға бағытталған шараларды көздеу ұсынылады.

Тұрғын үй орамдарын салудың бас жоспарларына сондай-ақ жел құраушы кеңістіктерді жою және жылуды сақтауға және микроклиматты жақсартуға ықпал ететін жабық аула және орамшілік аумақтарды қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды қосу қажет. Сондай-ақ жер асты урбанизациясын дамыту және жердің табиғи жылуын жылу

энергиясының балама көзі ретінде пайдалану ұсынылады. Жаңа тұрғын үй кешендерін жобалау кезінде жергілікті жердің бедерін, ғимараттардың бағытын және олардың өзара орналасуын ескеру қажет, бұл жылу шығынын қосымша азайтуға мүмкіндік береді.

4.24 Тұрғын үйлердің жылу қорғанышы мен энергия тиімділігі жөніндегі жобалық шешімдерінің энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнама нормаларына және Ғимараттардың, құрылыстардың, құрылысжайлардың энергия тиімділігі сыныптарын айқындау және қайта қарау қағидаларына [4] сәйкестігін тексеруді энергетикалық паспортты ресімдей отырып, «Энергия тиімділігі» жобалық құжаттамасы тарауының құрамында жүзеге асыру керек.

4.25 Пайдаланылатын тұрғын үйлердің жылу қорғанысы мен энергия тиімділігінің нақты көрсеткіштерін бағалауды энергетикалық паспортта нәтижелерді міндетті түрде құжаттық көрсете отырып, заттай сынақтардың нәтижелері бойынша орындау қажет. Есептеулер мен өлшеулер Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүргізіледі.

4.26 Ғимараттарды пайдалануға беру процесінде мыналар жүргізілуге тиіс:

- ҚР СТ ISO 9972 сәйкес 50 Па қысым ауысымы кезінде ауа алмасуды іріктеп сынау (2-3 үй-жайда не жалпы ғимаратта);

- көрсеткіштер сәйкес келмеген жағдайда, қоршауыш конструкциялардың герметикалығын арттыру жөніндегі шаралар;

- жылу окшаулағыштың жасырын ақауларын анықтау және жою үшін қоршауыш конструкциялардың жылубейнелік диагностикасы.

4.27 Жылу техникалық сканерлеуді, энергияны мониторингілеуді және инженерлік жүйелердің жай-күйін бағалауды қоса алғанда, КТҮ-де энергия аудиті үшін әдістемелік негіз ретінде энергетикалық зерттеу жүргізу кезінде энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнаманың нормаларын және Ғимараттарда сканерлеу, энергияны мониторингілеу және энергия аудитін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты [9] басшылыққа алады.

Көппәтерлі тұрғын үйлерге энергетикалық тексеру (энергия аудиті) жүргізудің мақсаты энергия тұтынудың нақты деңгейін анықтау, энергия ресурстары шығысының тиімсіз учаскелерін анықтау, энергия тиімділігін арттыру және шығындарды азайту бойынша техникалық және экономикалық негізделген іс-шараларды дайындау болып табылады. Энергия аудиті ғимараттың инженерлік жүйелерінің жұмысын оңтайландыру, жылу шығынын азайту, энергиямен жабдықтау сенімділігін арттыру және жабдықты ұтымды пайдалану бойынша шаралар кешенін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Көппәтерлі тұрғын үйлердің энергия аудиті ғимараттарда сканерлеу, энергияны мониторингілеу және энергия аудитін жүргізу жөніндегі нұсқаулықта [9] сипатталған жағдайларды қоспағанда, ерікті негізде жүргізіледі.

4.28 Көппәтерлі тұрғын үйлердің энергия аудиті кезең-кезеңімен орындалады және бастапқы деректерді жинауды, энергия ресурстарының нақты тұтынылуын талдауды, қоршау конструкциялары мен инженерлік жүйелерді тексеруді, қажетті жылу-техникалық және аспаптық өлшемдерді жүргізуді қамтиды. Тексеру қорытындылары бойынша аудит нәтижелері мен энергия тиімділігін арттыру жөніндегі ұсынымдар көрсетілген ғимараттың энергетикалық паспортты ресімделеді.

Тәжірибеде энергия аудитінің екі деңгейі қолданылады: шолу (энергияның нақты тұтынылуын талдауға негізделген міндетті аспаптық өлшемдерсіз) және ғимараттың егжей-тегжейлі энергетикалық балансын қамтамасыз ететін толық (жылу-техникалық зерттеулермен және аспаптық өлшеулермен).

## **5 ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІ ЖЫЛЫТУҒА ЖӘНЕ ЖЕЛДЕТУГЕ ЖҰМСАЛАТЫН ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ ШЫҒЫСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

5.1 Жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде ғимаратты жылытуға және желдетуге жұмсалатын жылу энергиясы шығысының негізгі есептік көрсеткіші энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы уәкілетті орган бекіткен жылу энергиясын тұтынудың есептік және талап етілетін (нормаланатын) параметрлері мен нормаларын [16] салыстыру арқылы ҚР ҚН 2.04-07 бойынша айқындалатын жылу тұтынудың үлестік сипаттамасы болып табылады.

5.2 Жобаланатын немесе пайдаланылатын ғимараттың жылыту мен желдетуге жұмсалатын энергияны тұтыну бойынша энергия тиімділігі деңгейін бағалау үшін Үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың энергия тиімділігі сыныптарын айқындау және қайта қарау қағидаларына сәйкес айқындалатын энергия тиімділігі сыныптары (2-кестені қараңыз) белгіленеді.

5.3 «А, В, С» сыныптары жобалық құжаттаманы әзірлеу сатысында жаңадан тұрғызылатын және реконструкцияланатын ғимараттар үшін белгіленеді. Пайдалану кезінде ғимараттың энергия тиімділігі сыныбы энергетикалық зерттеу барысында нақтылануға тиіс.

«А, В» сыныптары бар ғимараттардың үлесін ұлғайту мақсатында құрылыс процесіне қатысушыларға да, пайдаланушы ұйымдарға да экономикалық ынталандыру жөніндегі шараларды қолдану ұсынылады.

«D, E» сыныптары кезектілік пен оларды қайта құру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу мақсатында 2000 жылға дейін тұрғызылған пайдаланылатын КТҮ үшін белгіленеді.

**2-кесте – Ғимараттардың энергетикалық тиімділігінің сыныптары**

Энергия тиімділігі сыныбының белгіленуі	Сынып атауы	Ғимаратты жылытуға және желдетуге арналған энергия тиімділігі көрсеткішінің есептік (нақты) мәнінің нормативтен ауытқу шамасы, %	ҚР субъектілері әзірлейтін ұсынылатын іс-шаралар
A	Өте жоғары	-51 төмен	Экономикалық ынталандыру
B	жоғары	- 16-дан -50-ге дейін	
C	Қалыптыдан жоғары	-6-дан -15-ке дейін	
D	Қалыпты	-5-тен +5-ке дейін	Экономикалық ынталандыру
E	Қалыптыдан төмен	+6-дан +дейін	
F	Төмен	+16-дан + 50-ге дейін	Іс-шаралар әзірленбейді
G	Қалыпты	+51 артық	

5.4 Энергетикалық тиімділік талаптарын орындау жылыту мен желдетуге арналған энергетикалық ресурстардың, үйге ортақ қажеттіліктерге арналған электр энергиясының және көппәтерлі үйлерді ыстық сумен жабдықтауға арналған жылу энергиясының үлестік жылдық шығысын сақтаумен қамтамасыз етіледі.

5.5 Тұрғын үйлерді жобалау кезінде жылыту мен желдетуге арналған энергетикалық ресурстардың үлестік жылдық шығысы ГОСТ 31168, ҚР ҚН 2.04-07, ҚР ЕЖ 2.04-107 бойынша есептеледі.

5.6 Көппәтерлі тұрғын үйлерді пайдалану кезінде энергетикалық ресурстардың жылдық шығыны пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың 1 м<sup>2</sup> жалпы ауданына есептеледі.

Энергетикалық ресурстардың үлестік жылдық шығысы көрсеткішінің нақты мәндері көрсетілген мәндердің тұтыну көлеміне әсер ететін есептік шарттарға қойылатын нақты талаптарына сәйкес қайта есептей отырып, энергетикалық ресурстарды үйге ортақ есепке алу талаптарының көрсеткіштері негізінде айқындалады.

Гимараттардың, құрылыстардың, құрылысжайлардың барлық типтерін жобалау кезінде жылытуға және желдетуге арналған энергетикалық ресурстардың үлестік жылдық шығысы ҚР ЕЖ 2.04-107 бойынша есептеледі.

5.7 Пайдалануға берілетін көппәтерлі тұрғын үйлер үшін энергетикалық ресурстарды жылдық тұтынудың нақты мәндерін айқындау мақсатында заттай сынақтар жүргізу әдістемесі Б және В қосымшаларында және осы ұсынымдарда берілген.

5.8 Ортақ мүлікті күрделі жөндеу бойынша жұмыстар жүргізілген көппәтерлі тұрғын үй үшін энергетикалық тиімділік талаптарын міндетті растауды ортақ мүлікті күрделі жөндеу кезінде өзгертілетін көппәтерлі үйдің конструкциялары мен инженерлік жүйелерінің элементтері үшін аспаптық-есептеу әдісін пайдалана отырып, кондоминиум объектісін басқару субъектісі қамтамасыз етеді.

5.9 Егер басқаруды көппәтерлі тұрғын үйдің пәтерлерінің, тұрғын емес үй-жайларының меншік иелері тікелей жүзеге асырған жағдайда, энергетикалық тиімділік талаптарын міндетті растауды көппәтерлі үйде ортақ мүлікті күтіп ұстау және (немесе) жөндеу жөніндегі қызметтерді орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сервистік қызмет субъектілері қамтамасыз етеді.

5.10 Көппәтерлі тұрғын үйлер үшін жылыту мен желдетуге арналған жылу энергиясын тұтынудың меншікті сипаттамасының сәйкестігін растауды құрылыс салушының кепілдік кезеңінде 1 жыл пайдаланылғаннан кейін бастапқы орындауы ұсынылады. Бұдан әрі сәйкестікті растауды 1 жыл пайдаланылғаннан кейін КТҮ күрделі жөндеуді немесе қайта конструкциялауды жүзеге асыратын мердігер ұйым энергетикалық ресурстарды тұтыну көлеміне әсер ететін есептік жағдайларға қатысты көрсетілген мәндердің нақты шарттарына сәйкес қайта есептеу арқылы есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша энергетикалық ресурстарды тұтыну мәндерін ала отырып жүргізеді (аспаптық-есептік әдіс).

5.11 Пайдаланылатын көппәтерлі үйлер үшін көппәтерлі үйдегі энергетикалық ресурстардың үлестік жылдық шығысы жылытуға, желдетуге, ыстық сумен жабдықтауға, сондай-ақ үйге ортақ қажеттіліктерге жұмсалатын электр энергиясын тұтыну бөлігінде электрмен жабдықтауға арналған жылу энергиясының жиынтық үлестік жылдық шығысын қамтиды. Көппәтерлі тұрғын үйдегі энергетикалық ресурстардың үлестік жылдық шығысының базалық деңгейінің мәндері белгілі бір елді мекеннің климаттық жағдайлары үшін қолданылады.

5.12 Көппәтерлі тұрғын үйде энергетикалық ресурстардың үлестік жылдық шығысының базалық деңгейін айқындау кезінде мынадай есептік шарттар қабылданады:

- ішкі ауа температурасы 20 °С;
- бір тұрғынға шаққандағы үй-жайдың жалпы ауданының 20 м<sup>2</sup>-ін қоныстандыру, бұл бір тұрғынға 30 м<sup>3</sup>/сағ нормативтік ауа алмасуға және жалпы алаңнан меншікті тұрмыстық ішкі жылу келуге сәйкес келеді;
- жылыту кезеңіндегі ауаның орташа температурасы және жылыту кезеңінің ұзақтығы;
- жылына жылыту кезеңінің градус-тәулік саны.

5.13 Лифтімен жабдықталған көппәтерлі тұрғын үйлер үшін жалпы үй мұқтаждықтарына электр энергиясының үлестік жылдық шығысының базалық деңгейі 10 кВт·сағ/(м<sup>2</sup>·жыл) тең деп қабылданады.

5.14 Лифтімен жабдықталмаған көппәтерлі тұрғын үйлер үшін жалпы үй мұқтаждықтарына электр энергиясының үлестік жылдық шығысының базалық деңгейі 7 кВт·сағ/(м<sup>2</sup>·жыл) тең деп қабылданады.

5.15 Салынған және пайдалануға берілген көппәтерлі тұрғын үйлердің энергетикалық ресурстарының меншікті жылдық шығысы пайдалануға берілген күннен бастап 5 жыл өткенге дейін 3 айдан кешіктірілмей расталады.

5.16 Энергетикалық тиімділіктің ең жоғары сыныптары (В, А, А+, А++) көппәтерлі үйлер үшін энергетикалық ресурстардың меншікті жылдық шығынын құрылыс салушы

көпшәтерлі тұрғын үйді пайдалануға берген күннен бастап 10 жыл өткенге дейін 3 айдан кешіктірмей қосымша растау ұсынылады.

5.17 ISO халықаралық стандарттарының әдіснамасын қолдану энергетикалық тиімділік сыныптарының (A+, A++) көп пәтерлі тұрғын үйлерін жобалауға мүмкіндік береді.

Мысалы, көпшәтерлі тұрғын үйлердің энергетикалық сипаттамаларын бағалау кезінде есептеу тәсілдерінің келісімділігін, жылдық энергия тұтынуды бағалау құрылымын және нәтижелерді түсіндіру дәлдігін арттыруды қоса алғанда, энергия тиімділігін есептеудің жалпы қағидаттары мен шеңберлерін белгілейтін ҚР СТ ISO 52000-1:2019 ережелерін ескеру ұсынылады.

Жылу процестерін неғұрлым егжей-тегжейлі талдау, жылу шығынын есептеу және ғимараттардың маусымдық энергия тұтынуын анықтау үшін климаттық жағдайлардың әсерін, қоршауыш конструкциялардың ерекшеліктерін және инженерлік жүйелердің жұмыс режимдерін дәлірек есепке алуды қамтамасыз ететін жылу-техникалық модельдеудің заманауи стационарлық және динамикалық әдістерін қолдануды көздейтін ҚР СТ ISO 52016-1:2023 ережелерін пайдалану ұсынылады.

Энергия тұтынудың нақты және нормативтік мәндерін негізді салыстыруды, сондай-ақ энергия тиімділігі индикаторларын қалыптастыру мен түсіндіруді қоса алғанда, нәтижелер мен энергетикалық көрсеткіштерді бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету үшін ғимараттардың энергия тиімділігін бағалауды жүргізу кезінде ҚР СТ ISO 52003-1:2023 ережелерін қолдану ұсынылады.

## **6 ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ҒИМАРАТТАРДЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ**

6.1 Қолданыстағы көпшәтерлі тұрғын үйлердің энергетикалық тиімділігін арттыру күрделі жөндеу, реконструкциялау (термодернизацияны қоса алғанда) шеңберінде жүзеге асырылады. Жапсырма жай немесе үстіне жай салу есебінен ғимараттың габариттерін өзгертуді қоса алғанда, ішінара реконструкциялау жағдайында осы ұсынымдардың нұсқаулары ғимараттың өзгерген бөлігіне қолданылады.

Ортақ мүлікті күрделі жөндеу кезінде жабдықтардың энергия тиімділігі жөніндегі талаптарды [14] ескере отырып, белгіленген кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу жүргізу тәртібіне [10] сәйкес көпшәтерлі тұрғын үйдің тозған конструкцияларын, бөлшектерін және инженерлік жабдықтарын КТҮ ресурсын қалпына келтіру мақсатында жүргізілетін жөнделетін объектілердің пайдалану көрсеткіштерін жақсартатын жаңа немесе неғұрлым берік және үнемді түрлеріне ауыстыру жөніндегі іс-шаралар мен жұмыстар кешенін орындау ұсынылады.

Энергетикалық тиімділіктің ұсынылатын техникалық талаптарына көпшәтерлі тұрғын үйдің ішкі жылумен жабдықтау жүйесінде гидравликалық режимді сақтауды, сыртқы ауа температурасының өзгеруіне байланысты жылыту және желдету жүйелерінде жылу энергиясын тұтынуды автоматты түрде реттеуді, ыстық суды дайындауды және ыстық сумен жабдықтау жүйесінде берілген температураны ұстап тұруды қамтамасыз ететін жабдықты орнату жатады.

Тұрғын үйлерде жылу энергиясын тұтыну режимін белгілеу кезінде Тұрғын және қоғамдық ғимараттарда жылу энергиясын есепке алу және тұтыну режимі әдістемесін [17] басшылыққа алуға болады.

6.2 Тұрғын үйлерді реконструкциялау жобасын ҚР ҚН 2.04-07 сәйкес әзірлейді, жобаның және/немесе заттай зерттеулердің деректері бойынша жылыту мен желдетуге жұмсалатын жылу энергиясы шығысының есептік үлестік сипаттамасын айқындайды,

жылу балансына әсер ететін факторларды анықтайды және ең көп жылу шығыны бар негізгі жылу қорғау элементтерін айқындайды.

6.3 Жылу балансының, жылу қорғау деңгейінің және жылумен жабдықтау жүйесінің деректері негізінде тұрғын ғимаратты жылытуға және желдетуге жұмсалатын жылу энергиясы шығынының меншікті сипаттамасының қажетті (нормаланатын) мәндерін қамтамасыз ететін конструктивті және инженерлік шешімдер айқындалады.

6.4 Жылу энергиясын тұтынудың нақты сипаттамасының көрсеткішін төмендететін іс шаралар мыналар:

- сыртқы қоршаулардың ең аз ауданын, сыртқы бұрыштар санын азайтуды, ғимараттардың енін ұлғайтуды, сондай-ақ көп секциялы ғимараттардың бағдарлануы мен ұтымды орналасуын пайдалануды қамтамасыз ететін көлемдік-жоспарлау шешімдерінің өзгерістері; ғимараттардың көлемдік-жоспарлау шешімдерін таңдау;

- тұрғын үй ғимараттарының жарық саңылауларының ауданын табиғи жарық талаптары бойынша қажетті минимумға дейін төмендету;

- іргелес ғимараттардың сенімді жанасуын қамтамасыз ете отырып, ғимараттарды бұғаттау;

- кіреберіс есіктердің артындағы тамбур үй-жайларын салу;

- бойлық қасбеттің меридиандық немесе оған жақын бағдары бар ғимараттарды орналастыру мүмкіндіктері;

